ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 16 ақпан №2301-26-00-2/131 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты «Құрманғазы атындағы мәдениет сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Бекзат Багдатович Сапаров»

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Сот АПК-тің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып

ШЕШІМ ЕТТІ:

Атырау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты «Құрманғазы атындағы мәдениет сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жеке кәсіпкер «Бекзат Багдатович Сапаровты» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Бекзат Багдатович Сапаров» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Бекзат Багдатович Сапаровтан» мемлекет кірісіне 2 163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған

(жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істері жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокуродың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы АПК-тің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш. Даурешова

Көшірмесі дұрыс:

Судья О.Ш.Даурешова

Анықтама: шешім түпкілікті нысанда 2026 жылғы 16 ақпанда шығарылды.

Судья О.Ш.Даурешова

Анықтама:

Шешім заңды күшіне 2026 жылғы «06 » сәуірде енді.

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 28.02.2026

Заңды күшіне енген күні: 06.04.2026, Сулка Даурешова О. Ш., 13.04.2026

2301-26-3-1/91